

## Тараз қаласының жаңа көшесіне атау беру және көшелерінің атауларын өзгерту туралы

Жамбыл облысы Тараз қалалық мәслихатының 2010 жылғы 23 желтоқсандағы N 36-18 Шешімі және Тараз қаласының әкімдігінің 2010 жылғы 23 желтоқсандағы N 1087 Қаулысы. Тараз қалалық Әділет басқармасында 2011 жылғы 21 қаңтарында 6-1-123 нөмірімен тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасы 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 13-бабы 4) тармақшасының негізінде Тараз қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Тараз қалалық мәслихаты **ШЕШТІ** :

1. Тараз қаласы «Гидрокешен» алқабының солтүстік жағындағы орналасқан ең шеткі, жаңа көшеге Махамбет Бекбергенов есімі берілсін.

2. Тараз қаласының Рим көшесі Елубай Олжабаев атындағы көше болып өзгертілсін .

3. Тараз қаласының Островский көшесі Тұрғынбек Жанқоразов атындағы көше, Островский 1,2,3 бұрылыстары Тұрғынбек Жанқоразов 1,2,3 бұрылыстары болып өзгертілсін .

4. Тараз қаласының Ватутин көшесі Есен Демесінов атындағы көше болып өзгертілсін .

5. Тараз қаласының Чапаев 1,2,3 бұрылыстары Қаспақ Құрманбеков атындағы көше болып өзгертілсін .

6. Осы нормативтік құқықтық акт Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Тараз қаласының  
әкімі*

*Б.Орынбеков*

*Тараз қалалық  
мәслихатының хатшысы*

*Ө.Байшығашев*

*Т а р а з                    қ а л а л ы қ                    м ә с л и х а т ы  
с е с с и я с ы н ы ң                    т ө р а ғ а с ы*

*Қ.Болысбаев*